**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі )**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 380, 381-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 380-қосымша

610 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 98777 мың теңге (тоқсан сегіз миллион жеті жүз жетпіс жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2003 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңы , "Мемлекеттік қызметшілерді даярлау және біліктілігін арттыруды жетілдіру жөнінде одан әрі жүргізілетін шаралар туралы" 1998 жылғы N 4075 Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар жарлығы , "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Қазақстан

Республикасы Президентінің Жарлығы , "Мемлекеттік қызметшілерді оқыту тұжырымдамасы туралы" 2000 жылғы 13 карашадағы N 1706 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , "Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1605 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің мәселелері" 2002 жылғы 18 қыркүйектегі N 1031 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы , "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" 2003 жылғы 12 желтоқсандағы N 1260 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Оған жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі аппаратының қызметін қамтамасыз ету; өзінің қызметтік міндеттерін оңтайлы орындау үшін және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін кәсіби қызметтегі салада қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес білімдік бағдарламалар бойынша шеберлік және теоретикалық білімдерді жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: аппаратты ұстау; ғимаратты ұстау және қызмет ету, жабдықтарды сатып алу, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүргізетін мемлекеттік сатып алу туралы хабарландырулары бар Мемлекеттік сатып алу бюллетенін шығару (А3 форматында газет үлгісінде), ақпараттық жүйені сүйемелдеу әкімшілендіру және қолдау, есептеу және ұйымдастыру техникасы құралдарының, телекоммуникациялық желінің, жүйенің жергілікті есептеу желілерінің жүйелік-техникалық қызмет көрсетуін жүзеге асыру, жергілікті есептеу желілерінің жүйелік-техникалық қызмет көрсетуін жүзеге асыру, WEB-сайтын сүйемелдеу, есептеу құралдарды және жабдықтарды қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдармен қамтамасыз ету, ақпаратты берудің телекоммуникациялық қызметін, электрондық поштаны, Интернет желісімен телекоммуникациялық қызметті сапалы және уақытылы алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | |
| 2 | 001 | Орталық органның аппараты | 61 бірлік штат саны жыл лимитінің шегінде Қазақстан Республи. касы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің аппа. ратын ұстау. Бекітілген норма. тивке сәйкес 4 бірлік автокөлікті ұстау және жалға алу. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің әкімшілік-шаруашы. лық қызметін қамтамасыз ету және құны 40 айлық есептік көрсеткіш. тен төмен өзге тауарларды сатып алу. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің Web-сайтын Интернет | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекет. тік сатып алу жөніндегі агенттігі |

желісінде сүйемел. деу жөнінде көрсе. тілетін қызметтерді сатып алу. Ақпараттық жүйелер. ді сүйемелдеу және әкімшілендіру жөнінде ақпарат. тық-есептеу қызмет. терін сатып алу. Ақпараттық жүйелер. дің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Интернет желісінің және VPDN желісінің (VPDN үшін Қазақстан Республи. касы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің және 50 бюджеттік бағдарламалардың пайдаланушылары) қызметтерін сатып алу. Мемлекеттік сатып алу туралы хабарландырулары бар, шығу мерзімі аптасына 2 реттен кем емес, тиражы 10 000 данадан кем емес (12 жол) "Мемлекеттік сатып алу бюллетенін" басып шығаруды ұйымдастыру. Ақпараттық жүйелер.

ді кешенді түрде енгізу бойынша консультациялық қызметтерді сатып алу.

3 007 Мемлекеттік қызметшілер. дің білік. тілігін арттыру | Біліктілікті арттыру бойынша бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөнінде, соның ішінде мемлекеттік тілді үйрету, көрсетілетін қызмет. терді сатып алу. Біліктілікті артты. ру курстарын өтетін мемлекеттік қызмет. шілердің орташа жылдық саны - 61 адам. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекет. тік сатып алу жөніндегі агенттігі

4 009 Мемлекеттік органдарды материал. дық-техни. калық жарақтан. дыру | Жиһаз сатып алу (жұмыс орындардың 30 комплектісі) | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекет. тік сатып алу жөніндегі агенттігі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: осы бюджеттік бағдарламаны қабылдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігіне жүктелген функцияларын сапалы және уақтылы орындауға мүмкіндік береді; кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес, қазіргі уақыттағы экономикалық жағдайларға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы

N 1327 қаулысына
381-қосымша
610 - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің ақпараттық жүйелерін құру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 48963 мың теңге (қырық сегіз миллион тоғыз жүз алпыс үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы , "Қазақстан Республикасының ақпараттық қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , " Мемлекеттік ақпараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , "Қазақстан Республикасының Ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құрастыру және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , "Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы , "Қазақстан Республикасында мемлекеттік сатып алу жүйесін дамытудың 2001-2004 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" 2001 жылғы 10 желтоқсандағы N 1605 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік сатып алу процесінің барлық кезеңдері айқындылығының деңгейін, мемлекеттік сатып алу жүйесінің барлық ықтимал өнім берушілерге ашықтығы мен қол жеткізу мүмкіндігін арттыру, мемлекеттік сатып алу процесін ақпараттандыруды қазіргі замандағы деңгейге жеткізуге бағытталған кешенді ақпараттандыруды жүргізу, сондай-ақ қазіргі заманғы модернизациялауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігін есептеу, коммуникациялық, желілік жабдықтар мен ұйымдастыру техникасы, жүйелік бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарымен

жабдықтау, ақпараттық жүйелердің интеграциялануын және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік сатып алуды online-режимінде жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу, бизнесті электронды жүргізуді, электрондық сауданы дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік сатып алудың мониторингі мен есебінің автоматтандырылған жүйесін дамыту, мемлекеттік сатып алу саласындағы республикалық және жергілікті бюджеттік әкімшілері арасында электрондық сауда тетіктерін іске асыру және оларды кейіннен интеграциялау, лицензияланған жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету мен ақпаратты қорғау және оларды техникалық қолдаудың бағдарламалық құралдарын сатып алу, сондай-ақ есептеу, желілік жабдықтарды, ұйымдастыру техникасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің ақпаратын қорғаудың аппараттық құралдарын сатып алу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| Рет са. ны N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Қазақстан Республи. касының Мемлекет. тік сатып алу жөнінде. гі агентті. гінің ақпа. раттық жүйелерін құру | Қазақстан Республи. касы Мемлекеттік сатып алу жөніндегі агенттігінің ақпа. раттық жүйесін әзірлеу және дамыту; Электрондық сауда саласында нормативтік құқық. тық актілерді әзірлеу; Электрондық сауда жүйесін енгізу; Лицензиясы бар СУБД Oracle | жыл ішінде | Қазақстан Республикасы. ның Мемлекет. тік сатып алу жөніндегі агенттігі |

Enterprise Edition бағдарламалық өнімін - 50 бірлік, сондай-ақ 100 Oracle лицензиясы үшін техникалық қолдауды сатып алу; Есептеу техникасы құралдарын сатып алу: 3 концентратор (свитч), 20 бірлік компьютерлік техника; Республикалық бюджеттен қаржыла. натын мемлекеттік мекемелердің қызмет. керлерін электрон. дық мемлекеттік сатып алу жүйесімен жұмыс істеуге оқыту - 50 адам.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Жаңа технологиялық шешімдер және құрал-сайман жабдықтар негізінде мемлекеттік сатып алу мониторингін ақпараттандыруын қазіргі заман деңгейіне қамтамасыз ету. Осы бюджеттік бағдарламаны қабылдау мемлекеттік сатып алу процестің барлық кезеңдерінің айқындылығын, барлық ықтимал берушілер үшін мемлекеттік сатып алу жүйенің ашықтығын және қол жетімділігі деңгейін көтеруге, құжаттамалық айналымын қысқартуға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мекемелердің мұқтаждары үшін сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің 5-10% мөлшерінде бюджеттік ақша қаражатын үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК